

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 899 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	Б. Сағынтаев
---	--------------

	Жоба
--	------

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2016 жылғы 16 наурызда Минскіде жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
---

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,

1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге (бұдан әрі - Келісім) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасауға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Келісімнің 2-бабы 3-тармағының а) және б) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"а) Қазақстан Республикасында:

- корпоративтік табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық

(бұдан әрі "Қазақстан салықтары" деп аталады)".

б) Беларусь Республикасында:

- табысқа салынатын салық;
- пайдаға салынатын салық;
- жеке тұлғалардың табыс салығы;
- жылжымайтын мүлікке салынатын салық

(бұдан әрі "Беларусь салықтары" деп аталады);

## 2-бап

1. Келісімнің 3-бабы 1-тармағының а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және оның заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;"

2. Келісімнің 3-бабының 1-тармағы ь) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Беларуське қатысты: Беларусь Республикасының Салықтар және алымдар жөніндегі министрлігін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді;"

3. Келісімнің 3-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес кез келген мағына осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан басым болады."

### 3-бап

Келісімнің 4-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы термин Уағдаласушы Мемлекетті де немесе оның жергілікті билік органын да қамтиды."  
".

### 4-бап

1. Келісімнің 5-бабы 2-тармағының f) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"f) шахта, кеніш, мұнай немесе газ ұңғымасы, карьер немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез келген басқа орын;"

2. Келісімнің 5-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы h) тармақшасымен толықтырылсын:

"h) қондырғы, құрылыс (бұрғылау қондырғысын қоса алғанда), теңіз кемесі немесе табиғи ресурстарды барлаудың кез келген басқа орны, сондай-ақ осындай барлауды орындауға байланысты байқау қызметтері. Осы ереже басқа тұлға (тұлғалар) үшін барлауды жүзеге асыратын кәсіпорындарға қолданылады."

3. Келісімнің 5-бабы 3-тармағының b) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"b) қондырғы, құрылыс (бұрғылау қондырғысын қоса алғанда), теңіз кемесі немесе табиғи ресурстарды барлаудың кез келген басқа орны, сондай-ақ осындай барлауды орындауға байланысты байқау қызметтері, егер осындай барлау немесе қызметтер он екі айдан астам бойы жалғастырылса. Осы ереже осы баптың 2-тармағының h) тармақшасында белгіленгеннен өзге барлау жағдайлары және осындай барлауды орындауға байланысты байқау қызметтері үшін қолданылады;"

4. Келісімнің 5-бабының 3-тармағы мынадай мазмұндағы c) тармақшасымен толықтырылсын:

"c) бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының өз қызметшілері немесе кәсіпорын осы мақсат үшін жалдаған басқа персонал арқылы консультациялық қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсетуі, егер мұндай сипаттағы қызмет (сол бір немесе сонымен байланысты жобаға қатысты) басқа Уағдаласушы Мемлекетте тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жиынтығында 183 күннен аспайтын кезеңде немесе кезеңдер ішінде жалғасатын болса ғана."

### 5-бап

Келісімнің 11-бабының 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздар төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса, оларға байланысты пайыздар төлеу бойынша міндеттеме туындайтын және осындай пайыздар бойынша

шығыстарды осындай тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай пайыздар тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі."

## 6-бап

Келісімнің 12-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса, оларға байланысты роялти төлеу бойынша міндеттеме туындайтын және осындай роялти бойынша шығыстарды осындай тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база төлейтін болса, онда роялти тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі."

## 7-бап

1. Келісімнің 13-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резидентінің компанияға қатысу үлесін немесе капиталы құнының 50 пайыздан астамын тікелей немесе жанама басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлік құрайтын компанияның оған теңестірілген бағалы қағаздарын иеліктен шығарудан алған табысына осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін."

2. Келісімнің 13-бабы мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың бұрынғы тармақтарында көзделгеннен өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға резиденті мүлікті иеліктен шығарған тұлға болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады."

## 8-бап

Келісімнің 14-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіптік көрсетілетін қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты алатын табысқа, осындай табысқа басқа Уағдаласушы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін мынадай жағдайларды қоспағанда, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады:

a) егер оның өз қызметін жүзеге асыру мақсаты үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте иелігінде тұрған тұрақты базасы болса; мұндай жағдайда осы тұрақты базаға жататын табыстың сол бөлігіне ғана осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін; немесе

b) егер ол тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жиынтығында 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте болса; бұл жағдайда осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алынған табыстың сол бөлігіне ғана осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін."

## 9-бап

Келісімнің 15-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында, автомобиль немесе теміржол көлік құралында орындалатын жалданып істеген жұмысына қатысты алатын сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін."

## 10-бап

Келісімнің 20-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап

Студенттер немесе тағылымдамадан өтушілер

1. Басқа Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келердің алдында бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және басқа Уағдаласушы Мемлекетке тек білім алу, тағылымдамадан өту мақсатында ғана келген студент немесе тағылымдамадан өтуші өзінің күнкөрісі, білім алуы немесе тағылымдамадан өтуі мақсатында алатын төлемдерге мұндай төлемдер басқа Уағдаласушы Мемлекеттің шегінен тыс жердегі көздерден жүргізілген жағдайда осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Гранттарға, стипендияларға және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген жалданып істейтін жұмыстан алатын сыйақыларға осы баптың 1-тармағында көрсетілген студенттің немесе тағылымдамадан өтушінің білім алуы, тағылымдамадан өтуі кезінде өзі болатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты дәл сондай жеңілдіктерге, жеңілдетулерге немесе шегерімдерге құқығы бар."

## 11-бап

Келісім мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап

Профессорлар, оқытушылар және ғылыми қызметкерлер

1. Басқа Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келердің алдында бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және университеттің, колледждің, мектептің немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі таныған осыған ұқсас басқа білім беру мекемесінің шақыруы бойынша осындай білім беру мекемесінде тек оқыту және (немесе) ғылыми жұмыс жүргізу мақсатында осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүрген профессор, оқытушы немесе ғылыми қызметкер осы басқа Уағдаласушы Мемлекетке алғаш келген күнінен бастап бірінен кейін бірі келетін 24 айдан аспайтын кезең ішінде осындай оқыту немесе ғылыми жұмыс жүргізу үшін берілетін сыйақыға қатысты осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

2. Егер осындай зерттеулер мемлекет мүддесі үшін емес, нақты тұлғаның немесе тұлғалардың жеке пайдасы үшін жүргізілсе, осы баптың 1-тармағының ережелері ғылыми зерттеулерден алынған табысқа қолданылмайды."

## 12-бап

Келісімнің 26-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің, олардың орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан осы Келісімге қайшы келмейтіндей шамада алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнаманы әкімшілендіру немесе қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе шағымдарды қараумен, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендердің бәрін қадағалаумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде ашуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

a) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

b) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

c) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (ordre public) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты бір Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұратса, мұндай ақпарат тіпті осы басқа Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін талап етілмесе де, басқа Уағдаласушы Мемлекет сұрау салынған ақпаратты жинау жөніндегі шараларды қабылдайды. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеулеріне жатады, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейтін болады.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері ақпарат иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл болып әрекет ететін тұлға болып табылатындығы себебінен немесе ақпарат меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы себебінен ғана Уағдаласушы Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді."

**13-бап**

Келісімді қолдану мақсаты үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлғаның резиденттік фактісі осы Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы берген және

куәландырған резиденттікті растайтын түпнұсқадағы құжатпен куәландырылады. Бұл ретте Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында немесе Уағдаласушы Мемлекеттер қатысушылары болып табылатын халықаралық шартта көзделген, осы құжатты берген және куәландырған органның қолтаңбасы мен мөрін заңдастыру талап етілмейді.

## 14-бап

1. Осы Хаттама Уағдаласушы Мемлекеттердің осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттама:

а) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарында немесе бірінші қаңтарынан кейін алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарында немесе бірінші қаңтарынан кейін басталатын кез келген салық салынатын жыл ішіндегі табыс пен мүлікке салынатын басқа салықтарға қатысты қолданылады.

Осыны куәландыру үшін осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар ережелері Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Хаттамаға қол қойды.

2016 жылғы 16 наурызда Минск қаласында, әрқайсысы қазақ, орыс, және беларусь тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіру кезінде алшақтықтар туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым болады.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Беларусь Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>